

**2023 жылғы 6 сәуірдегі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ  
Акциягерлерінің кезектен тыс жалпы  
жиналысының материалдары**

**Астана 2023**



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА  
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

Астана

2023 жылғы 3 наурыздағы №4/2023 2-ші мәселе

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

<i>Орган</i>	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ, Директорлар кеңесі</b>
<i>Төраға</i>	<b>Кристофер</b>
<i>Жиналыстың нөмірі мен өткізілген күні</i>	<b>2023 жылғы 3 наурыздағы №4/2023 хаттама</b>
<i>Мәселенің нөмірі мен тақырыбы</i>	<b>№.2 ««ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналасының шақыру туралы»</b>
<i>Жиналыс орны</i>	<b>Қазақстан Республикасы, Z05H9E8, Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 8</b>

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 16 қарашадағы № 83 (з) сырттай дауыс беру хаттамасы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) бекітілген Есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсету қағидаларын назарға ала отырып,

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 38-бабы 2-тармағына, 46-бабының 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Жарғысының 52-тармағына, 90-тармағының 10) тармақшасына, 98-тармағының 2) тармақшасына сәйкес,

ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесі былай деп **ШЕШТІ:**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жеке жалпы жиналысы жиналыс (бірлескен қатысу) нысанында келесі күн тәртібімен 2023 жылғы 6 сәуірде шақырылсын:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және мүшелерін сайлау туралы.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналасының есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау туралы.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы М.М. Мырзағалиев белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**Корпоративтік хатшы**

**Д.В. Шарипов**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің  
құрамын өзгерту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 10) тармақшасына сәйкес ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі Гибрат Қайратұлы Ауғановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Әсел Әнуарқызы Хаированың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

3. Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұлов жалпы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерінің өкілі болып сайлансын.

4. Арманбай Сапарбайұлы Жұбаев жалпы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор болып сайлансын.

5. Осы шешімнің қосымшаға сәйкес Арманбай Сапарбайұлы Жұбаевқа сыйақы мен өтемақы мөлшері мен шарттары айқындалсын.

6. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Кристофер Джон Уолтонға белгіленген тәртіппен Арманбай Сапарбайұлы Жұбаевпен шартқа қол қоюға және осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауға өкілеттік берілсін.

**Төраға**

**К. Уолтон**

**Хатшы**

**Д. Шарипов**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналасының 2023 жылғы 6  
сәуірдегі № \_\_\_\_ шешімі  
жобасына қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы  
мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қаласы

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту.

**2. Экономикалық әсері**

Қарастырылмаған.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 12-бабының 90-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасының (бұдан әрі – **АЖЖ**) айрықша құзыретіне Қоғам Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – **ДК**) мүшелерін сайлау мен олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату кіреді.

Заңының 43-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 11-бабының 64-тармағына сәйкес АЖЖ-ның күн тәртібін Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иелік ететін акционер толықтыруы мүмкін.

Осыған байланысты Қоғамның ірі акционері - «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі – **Қор**) АЖЖ-ның күн тәртібіне ДК-ның құрамын келесідей өзгерту туралы мәселені енгізуге бастамашылық етті: ДК мүшесі – Қордың мүддесін білдіруші Гибрат Қайратұлы Ауғановтың және ДК мүшесі – тәуелсіз директор Әсел Әнуарқызы Хаированың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; жалпы ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Ернат Құдайбергенұлы Бердіғұловты ДК мүшесі – Қордың мүддесін білдіруші және Арманбай Сапарбайұлын Жұбаевты ДК мүшесі – тәуелсіз директор етіп сайлау.

Осыны ескере отырып ДК (2023 жылғы 3 наурыздағы №4/2023 хаттама, №2 мәселе) 2023 жылғы 6 сәуірде күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі ДК-нің құрамын өзгерту болған кезектен тыс АЖЖ шақыру шешімін қабылдады.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, АЖЖ-ға ДК мүшесі – Қордың мүддесін білдіруші Гибрат Қайратұлы Ауғановтың және ДК мүшесі – тәуелсіз директор Әсел Әнуарқызы Хаированың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату; жалпы ДК өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Ернат

Құдайбергелұлы Бердіғұловтың ДК мүшесі – Қордың мүддесін білдіруші және Арманбай Сапарбайұлы Жұбаевты ДК мүшесі – тәуелсіз директор етіп сайлау ұсынылады. Бұл ретте Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен (Қордың Басқарма отырысының 2020 жылғы 17 тамыздағы № 30/20 хаттамасы) өкілеттік мерзімі 3 жыл 7 адамнан тұратын ДК құрамы айқындалғанын және ДК мүшелері сайланғанын атап өткен жөн.

Заңның 50-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 54-бабының 3-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабы 82-тармағының 2) тармақшасына, Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына иелік етуші тұлғаның 2022 жылғы 2 желтоқсандағы шешімімен (Қордың Басқарма отырысының №60/22 хаттамасы, №5 мәселе) АЖЖ туралы ереженің 79-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ДК мүшелерін сайлауды акционерлер кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

ДК құрамын өзгерту туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Мәселені қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда мүмкін болатын негізгі проблемалар, тәуекелдер**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын тәуекелдердің туындауына әкелмейді.

**Директорлар кеңесінің төрағасы**

**К. Уолтон**

## «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі Аты Әкесінің аты  
*Жұбаев Арманбай Сапарбайұлы*
2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы  
*«Самұрық-Қазына» АҚ кандидат тәуелсіз директор ретінде ұсынылады*
3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, аяқтаған күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктігін арттыру туралы):
  - *1997-1999 жылдар – Дюкейн университеті (Питсбург қаласы, АҚШ), «Бизнесті басқару» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі (BSBA);*
  - *2002-2003 жылдар – Оксфорд университеті (Ұлыбритания). Салыстырмалы әлеуметтік саясат жөніндегі ғылымдар магистрі (MSc Comparative Social Policy).*
  - *2005-2007 жылдар – Берклидегі Калифорния университеті (АҚШ), MBA дәрежесі.*
4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестігі жөнінде мәліметтер  
*Жоқ.*
5. Соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орындары мен атқаратын лауазымы туралы мәлімет:
  - *2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «StrategyLab» ЖШС консультациялық компаниясының негізін қалаушы.*
6. Оған тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі  
*Кандидат келесі заңды тұлғалардың жалғыз мүшесі болып табылады:*
  1. *«Entercom» ЖШС*
  2. *«Strategylab» ЖШС*
  3. *«Growth Initiatives consulting» ЖШС*
7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:  
*Жоқ.*
8. Өтелмеген/өтелген соттылық туралы немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған/алынған соттылық туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ сотпен кандидатты меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер  
*Соттылығы жоқ.*
9. Кандидаттың Директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер  
*Келісті*
10. «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның акцияларына иелік ету  
*Иелік етпейді*

## «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі Аты Әкесінің аты

*Бердигұлов Ернат Құдайбергенұлы*

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы

*«Самұрық-Қазына» АҚ, кандидат «Самұрық-Қазына» АҚ-тың мүддесін білдіруші ретінде ұсынылады.*

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, аяқтаған күні, меңгерген мамандығы, оның ішінде біліктігін арттыру туралы):

*- 2007-2010 жылдар – Торонто университеті (Канада), «Мемлекеттік саясат және халықаралық зерттеу» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесі;*

*- 2015-2018 жылдар – Уорикск университеті (Ұлыбритания), «Іскерлік әкімшілендіру» мамандығы бойынша магистр дәрежесі;*

*- 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Гарвард көшбасшылықты дамыту институты (АҚШ);*

*- 2021 жыл СИМА – «Бизнестің тиімділігі басқару».*

4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-қа үлестестігі жөніндегі мәліметтер

*«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ-тың лауазымды адамы болғандықтан «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде үлестес тұлғасы болып табылады*

5. Соңғы үш жыл ішіндегі жұмыс орны мен атқаратын лауазымы туралы мәлімет:

*- 2019 жылғы мамыр – 2021 жылғы сәуір – Whiteshield Partners-та жобалар жетекшісі;*

*- 2021 жылғы сәуір – 2022 жылғы қаңтар – «Самұрық-Қазына» АҚ-та стратегия, орнықты даму және цифрландыру жөніндегі тең-басқарушы директор;*

*- 2022 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ-та стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор.*

6. Оған тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі

*Иелік етпейді*

7. Кандидаттың «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

*Жоқ.*

8. Өтелмеген/өтелген соттылық туралы немесе заңмен белгіленген тәртіпте алынбаған/алынған соттылық туралы мәліметтер (анықтама), сондай-ақ сотпен кандидатты меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәліметтер және көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін Қазақстан Республикасының



Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәліметтер

*Соттылығы жоқ.*

9. Кандидаттың Директорлар кеңесіне ұсынуға келісімі туралы мәліметтер

*Келісті*

10. «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның акцияларына иелік ету

*Иелік етпейді*

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін және мүшелерін сайлау туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабының 1-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 5) тармақшасына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін тұлғаның шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттамасы) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 52-тармағына сәйкес, ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

1. 2023 жылғы 6 сәуірден бастап:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының сандық құрамы - 8 (сегіз) адам болып;

2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі - 3 (үш) жыл болып белгіленсін.

2. 2023 жылғы 6 сәуірден бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының есеп комиссиясы мынадай құрамда сайлансын:

Шарипов Дамир Валерьевич – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясының төрағасы;

Кнатова Жібек Ермекқызы;

Төреханов Серікжан Әлиасқарұлы;

Байзатов Мақсат Талғатұлы;

Нұрыш Нұрдәулет;

Төлеева Қалбибі Әлімзадақызы;

Сексенбаева Ася Махамбетқалиқызы;

Тоғызбаева Жансая Ғалымжанқызы.

3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалпы жиналысының хатшысы Д. В. Шарипов белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

**Төраға**

**К. Уолтон**

**Хатшы**

**Д. Шарипов**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналасының 2023 жылғы 6  
сәуірдегі № \_\_ шешімі  
жобасына қосымша**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналасының есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау туралы мәселеге түсіндірме жазба**

Астана қаласы

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - **Қоғам**) Акционерлерінің жалпы жиналасы есеп комиссиясының құрамын белгілеу және мүшелерін сайлау.

**2. Экономикалық әсері**

Қарастырылмаған.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 12-бабының 90-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кіреді.

Заңның 46-бабының 1-тармағына сәйкес есеп комиссиясы акционерлер саны жүз және одан да көп Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады. Қоғам акционерлерінің саны жүзден астам адамды құрайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі (2023 жылғы 3 наурыздағы №4/2023 хаттама, №2 мәселе) 2023 жылғы 6 сәуірде күн тәртібіндегі мәселелердің бірі Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасының есеп комиссиясының (бұдан әрі – **Есеп комиссиясы**) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу және мүшелерін сайлау болатын кезектен тыс Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасын шақыру шешімін қабылдады.

Заңның 46-бабының 2-тармағына, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасының 02.12.2022 ж шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 60-тармағына сәйкес Есеп комиссиясы үш адамнан кем болмауға тиіс, Есеп комиссиясына Қоғамның алқалы органдары мүшелерінің, сондай-ақ қоғамның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның кіруіне болмайды.

Осыны ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 3 наурыздағы №4/2023 хаттама, №3 мәселе) Есеп комиссиясының құрамы мақұлданды және осыған байланысты Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасына Есеп комиссиясының сандық құрамын 8 (сегіз) адам етіп белгілеу және Есеп комиссиясын келесі құрамда сайлау ұсынылады:

Шарипов Дамир Валерьевич – Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасының есеп комиссиясының төрағасы;

Кнатова Жібек Ермекқызы;

Төреханов Серікжан Әлиасқарұлы;

Байзатов Мақсат Талғатұлы;

Нұрыш Нұрдәулет;

Төлеева Қалбибі Әлімзадақызы;

Сексенбаева Ася Махамбетқалиқызы;

Тоғызбаева Жансая Ғалымжанқызы.

Заңның 50-бабының 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 82-тармағына, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 79-тармағына сәйкес Есеп комиссиясын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

Есеп комиссиясын сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Мәселені қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда мүмкін болатын негізгі проблемалар, тәуекелдер**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын тәуекелдердің туындауына әкелмейді.

**Директорлар кеңесінің төрағасы**

**К. Уолтон**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі**

**2023 жылғы 6 сәуірдегі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс жеке жалпы жиналысының есеп комиссиясының  
функцияларын «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-қа жүктеу  
туралы**

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 16 қарашадағы № 83 (з) сырттай дауыс беру хаттамасы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) бекітілген Есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсету қағидаларын назарға ала отырып,

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, 46-бабының 1-тармағына, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жарғысының 90-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұсынылған материалдарды қарап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы былай деп **ШЕШТІ:**

2023 жылғы 6 сәуірдегі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы есеп комиссиясының функциялары «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-қа жүктелсін.

**Төраға**

**К. Уолтон**

**Хатшы**

**Д. Шарипов**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Акционерлерінің жалпы  
жиналасының 2023 жылғы 6  
сәуірдегі № \_\_\_ шешімі  
жобасына қосымша**

**2023 жылғы 6 сәуірдегі «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Акционерлерінің  
кезектен тыс жеке жалпы жиналысының есеп комиссиясының  
функцияларын «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-қа жүктеу  
туралы мәселе бойынша түсіндірме жазба**

Астана қаласы

2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**1. Мақсаты мен міндеті**

«Құнды қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-қа (бұдан әрі – ОД) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі - **Қоғам**) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының есеп комиссиясының функцияларын жүктеу

**2. Экономикалық әсер**

Қарастырылмаған.

**3. Мәселенің қысқаша сипаттамасы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - **Заң**) 36-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 12-бабының 90-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналасының айрықша құзыретіне есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату кіреді. Заңның 46-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің бірінші жалпы жиналысында есеп комиссиясының функциясын орталық депозитарий жүзеге асырады. Сонымен қатар есеп комиссиясының функцияларын ОД-ға жүктеу туралы шешім акционерлердің осындай жалпы жиналысында тікелей қабылдануы мүмкін. Заңның 35-бабының 4-тармағына сәйкес, барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Осылайша, АКЖЖ Қоғам акционерлерінің бірінші жалпы жиналысы болады.

Осыған байланысты ОД Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылғы 16 қарашадағы № 83 (з) сырттай дауыс беру хаттамасы, 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енгізілді) Есеп комиссиясының функциясын жүзеге асыру бойынша қызметтерді көрсету қағидаларына сәйкес 2023 жылғы 6 сәуірге жоспарланған Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында (бұдан әрі – **АКЖЖ**) есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша ОД-ны тарту үшін Қоғам белгіленген тәртіпте ОД-ға жүгінді, оның ішінде ОД Басқармасының шешімімен (2018 жылғы 28 қарашадағы №62

хаттама) бекітілген Есеп комиссиясының функцияларын жүзеге асыру бойынша қызметтерді алу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесіне сәйкес қажетті құжаттар ұсынылды, оған 2023 жылғы 15 наурыздағы №23-27/6978 хатпен ОД-ның АКЖЖ-ның есеп комиссиясының қызметін көрсетуге келісімі алынды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасына ОД-ға АКЖЖ-ның есеп комиссиясының функцияларын жүктеу ұсынылады.

Заңның 50-бабының 1-тармағына, Қоғам Жарғысының 11-бабының 82-тармағына, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен («Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма отырысының 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №66/22 хаттамасы, №5 мәселе) бекітілген Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ереженің 79-тармағына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналасының есеп комиссиясын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

#### **4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі**

ОД-ға АКЖЖ-ның есеп комиссиясының функцияларын жүктеу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

#### **5. Мәселені қабылдаған немесе қабылдамаған жағдайда мүмкін болатын негізгі проблемалар, тәуекелдер**

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да болмасын тәуекелдердің туындауына әкелмейді. Аталған мәселе бойынша шешім қабылдамау АКЖЖ өткізу мүмкіндігінің болмауына алып келеді.

**Директорлар кеңесінің төрағасы**

**К. Уолтон**